

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қыркүйектегі N 1376 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 сәуір N 430. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 904 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 904 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қыркүйектегі N 1376 P001376_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 40, 455-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақта:

Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына:

Рогов Игорь Иванович - Қазақстан Республикасының Әділет министрі, Комиссия төрағасы;

Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлы - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесі Заң бөлімінің меңгерушісі, Комиссия төрағасының орынбасары;

Шайманов Болат Елтайұлы - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитет төрағасының орынбасары (келісім бойынша), Комиссия мүшесі;

Сәрсеков Бексұлтан Сәрсекұлы - Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі, Комиссия мүшесі;

Нұрғалиева Еңлік Нұрғалиқызы - Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының Аппараты Құқықтық сараптама бөлімінің меңгерушісі (келісім бойынша), Комиссия мүшесі;

Сыздықбекова Әлия Тұрсынқызы - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Аппараты Заң бөлімінің сектор меңгерушісі (келісім бойынша), Комиссия мүшесі;

мына жолдар:

"Андрющенко Александр Иванович - Қазақстан Республикасының Экономика вице-министрі, Комиссия мүшесі;

Нефедов Петр Петрович - Қазақстан Республикасының Энергетика,

индустрия және сауда вице-министрі, Комиссия мүшесі"
мынадай редакцияда жазылсын:

"Андрющенко Александр Иванович - Қазақстан Республикасының
Экономика

және сауда вице-министрі, Комиссия мүшесі;

Нефедов Петр Петрович - Қазақстан Республикасының Энергетика және
минералдық ресурстар вице-министрі, Комиссия мүшесі";

көрсетілген құрамнан Бауыржан Әлімұлы Мұхамеджанов шығарылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының

уәкілетті органдарында заң жобалау жұмысын ұйымдастыру ережесінде:

11-тармақтың 2) тармақшасындағы "Экономика" деген сөзден кейін "және
сауда" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі